

ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ – ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Тілекқабыл Алтынай Бағытқызы

tilekqabyaltynai@gmail.com

«Педагогика және психология» білім бағдарламасының 2-курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, магистр - **Карабаева Н.Б.**

Инклюзивті білім беру қазіргі таңдағы сұранысқа ие, бүкіл адамзатты алаңдатып отырған оқыту. Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Соның ішінде Қазақстанда бұл бағдарламаға қатысты арнайы заңдар қарастырылған. Мәселен, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді. 2017 жылы қолданысқа ендірілген Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандарты барлық деңгейдегі педагогтардың инклюзивті білім беру саласында арнайы біліктіліктерді меңгеруін талап етеді. Демек әр ерекше білімді қажет ететін балалар да басқа балалар секілді білім алуға теңдей құқылы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халқына Жолдауында бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары айқын көрсетіліп, «отбасы мен балалық шақ институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру, баланың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға жағдай жасау» қажеттігіне баса назар аударылған. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету республиканың тек білім беру саласындағы ғана емес, сонымен қатар демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылған. Заманауи білім беру парадигмасы оқытудың негізгі міндеті ретінде балаларды нақты өмір жағдайына бейімдеуді анықтайды, бұл – жаһандық өмір талабы. Оқшаулаудың кез-келген түрі тұлғаның әлеуметтену үрдісіне зардабын тигізеді. Осыған байланысты мемлекеттік білім беру саясатындағы стратегиялардың бірі – инклюзивті білім беру идеяларын жүзеге асыру болып табылады.

«Инклюзия» сөзі латын тілінен аударғанда «include» - «өзімді қосқанда», ағылшын тілінен аударғанда «inclusif» - «араласу», «қосылу», «енгізу» ұғымында қолданылады. Бұрын «мүмкіншілігі шектеулі» деп аталса, қазір «ерекше оқытуды қажет ететін балалар» деп атайды.

Өткен жүзжылдықта инклюзивті білім беруді әлем елдеріндегі алдыңғы қатарлы елдерінде көрініс табады. Мысалы АҚШ, Ұлыбритания, Испания, Дания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия сияқты елдерде инклюзивті білім беру оқуда жетекші бағдары болды.

Республикамызда соңғы жылдары қабылданған «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы», сондай-ақ «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» және «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңдар мен «Арнайы білім беру ұйымдары типтері қызметінің типтік ережелері» сияқты нормативтік-құқықтық құжаттарда мемлекеттік деңгейде алғаш рет мүмкіндігі шектеулі оқушыларға білім беруді ұйымдастыруға қойылатын талаптар айқындалды, мүгедектерді оқыту құқығына мемлекет тарапынан кепілдік берілді.

Инклюзивті білім беру процесінде ерекше балалар кім:

- Көзі нашар көретін балалар
- Есту қабілеті бұзылған балалар

- Сөйлеу бұзылыстары бар балалар
- Тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалар
- Эмоциональды-ерік сферасы зақымдалған балалар
- Девиантты мінез-құлықты балалар
- Психикалық дамуы тежелген балалар
- Мигрант балалар
- Дарынды балалар

Бұл балалардың осындай ерекшеліктерге түсу себепті көп. Соларды атап өтсем:

Бұл аурулар көбіне туа пайда болған, жүре пайда болған болып бөлінеді.

Мысалы көру қабілеті нашар балалардың *туа пайда болған соқырлықтың себептері:*

• Тұқым қуалаушылық жолмен де беріледі, катаракта, глаукома, көз торшасының патологиясы, көру нервтарының артрофиясы;

- Ананың жүктілік кезіндегі түрлі инфекциялық аурулармен аурулары;

Жүре пайда болған соқырлықтың себептері:

- Көру органдарының аурулары;
- Орталық нерв жүйесінің аурулары;
- Бас миының немесе көздің соққы алуы;
- Түрлі апаттар, аурулар, кеселдердің салдары;
- Компьютерлік ойындар, смартфондар;

Есту қабілеті бұзылған балалар себептері:

Туа пайда болған есту бұзылысының басты себептері:

- Тұқым қуалаушылық;
- Ананың жүктілік кезіндегі түрлі дәрілерді қолдануы;
- Инфекциялық аурулар жұқтыруы;

Жүре пайда болатын есту бұзылыстарының себептері:

- Ортаңғы құлақтың;
- Мұрын және жұтқыншақ аурулары;
- Ауыр инфекциялық аурулар;
- Баланың өмірге келу кезіндегі түрлі жарақаттары;

Сөйлеудің бұзылу түрлері:

Туа пайда болған:

- тұқым қуалаушылық;
- сыртқы ортаның ана организмне химиялық әсерлену ықпалынан;

Жүре пайда болған:

- баланың жұқпалы ауруларымен ауруы: менингит, қызылша, т.б.

Қай категорияны болмасын туа пайда болған және жүре пайда болған болып бөлінсе, туа пайда болған жағдайларда анасының жатырында жатқанда балаға зақым келуінен немесе зиянды әрекеттерді жасағандықтан балаға кері әсер береді. Сондай-ақ қан немесе тұқым тазалығында атап өтуге болады. Яғни «Жеті атадан қыз алыспау дәстүрі». Тұқым тазалығы сақтау-ұрпақ саулығын, қан тазалығын, тектілікті сақтаудың ең тиім әрі ең сенімді жолы ретінде әлемде мойындалған.

Осы балалармен инклюзивті білім беру процесіне қатысушы мамандар педагогтер, педагог психолог, педагог-дефектологтар, логопедтер, психологтар, тифлопедагог психолог, әлеуметтік педагогтар.

Мектептегі инклюзивті орта құруға жауапты маманның бірі – педагог психолог. Педагог-психолог коррекциялық педагогика, арнайы психология негіздерін жақсы меңгеріп қоймай, сондай-ақ ерекше балалардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін жақсы білу керек. Ерекше балаларға білім, тәрбие, оңалту жұмыстарын ұйымдастыру әдістемелері туралы нақты түсініктері болуы керек.

Менің болашақ мамандығым педагог психолог. Болашақта осы салада өзімді мықты маман ретінде елесте отырып өз үлесімді қосу үшін күш саламын. Ондағы мақсатым

Біріншіден, қоғамның көзқарасын өзгерту;

Екіншіден, баланың жеке басының құндылығын оның бұзылыстарына қарамастан оларды жақсы көру және жұмыс жасау;

Үшіншіден, толық білім алуды және меңгеруді ұйымдастыру;

Төртіншіден, түрлі ерекшеліктері бар оқушы тұлғасын дамыту, қоршаған ортаға бейімдеу немесе әлеуметтендіру;

Бесіншіден, дені сау балалармен тең құқылы болуы үшін жұмыс жүргізу;

Алтыншыдан, өз-өзіне деген сенімін арттыру;

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін:

Ата-аналардың өз балаларын қабылдау;

- Ата-аналарды білім беру үрдісіне араластыру;
- Арнайы ойындар мен терапиялар өткізу;
- Тиімді әдіс тәсілдер мен АКТ ны қолдау;
- Психологиялық-педагогикалық-медициналық консилиум;
- Педагогтарға арнайы консультация беру ;

1. Ата-аналардың өз балаларын қабылдауы бала үшін өте маңызды. Себебі ата-анасы баланы неқұрлым ерте қабылдас соғұрлым баланы ортаға ерте қосуға, сондай ақ емдеуге мүмкіндік көбірек болады.

2. Ата-аналарды білім беру үрдісіне араластыру. Бұл нәрсе өте өзекті. Себебі арнайы мектептерде арнайы мамандар ғана жұмыс жасауы бала үшін тиімсіз. Ата-ана қосылып жұмыс жасаса, үйден балаларына арнайы ойын жаттығулар жасаса, оларға махаббат берілсе баланың даму екі есе тез жүреді.

3. Арнайы ойындар мен терапиялар өткізу. Бұл арнайы мамандардың жұмысы. Педагог психолог ретінде мына терапиялар арқылы жұмыс жасауға болады: Су джок терапиясы, Құм терапиясы, су терапиясы, Қуыршақ терапиясы, Арт терапиясы және т.б.

4. Тиімді әдіс тәсілдер мен АКТ қолдаудағы басты мақсат оқу процесін жеңілдету және балалардың өзіне деген сенімділігі арттыру. Мысалы педагог психолог ретінде мадақтау әдісін ұсынар едім. Себебі ерекше оқытуды қажет ететін балаларға жазалау әдісінен бұрын мадақтау әдісі өтімді. Мадақтау әдісі баланың жағымды мінез құлқын қалыптастырады. Мадақтаудың құралына педагогтың жеке мақтауы, алғыс хаттар, мақтау қағаздарымен марапаттауы, құрмет кітабына жазу, құрмет тақтасына суретін ілу секілді құралдарды пайдаланса болады. Ал АКТ қолдану өте тиімді. Себебі барлық критерийдағы баларды оқыту кезінде арнайы құралдар қолданылады. Құралдан басқа АКТ-ның тиімділігі балалар орнынан тұрмасада сұраққа жауап бере алады. Мысалы: learning apps, quizzz, kahoot, classMarker, quizlet, mentimeter, baamboozle және т.б. секілді бағдарламаларды қолдануға болады. Осы арқылы бала өзінің күнделікті бағасын алса болады. Балаларда баға ала алмаймын деген қорқынышын немесе өзіне деген сенімсіздігін жоюдың бір жолы.

5. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық-медициналық консилиум. Ол – балаға кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына директордың бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, сынып жетекшісі енгізіледі. Консилиумда баланың денсаулығы, сабақ үлгерімі, баланы қалай ортаға қосуға болатыны, қандай тиімді әдіс тәсілмен оқытуға болады, жеке-даралық кемшіліктерін түзету, яғни ерекше білім қажеттігі бар баламен жеке дамыту, түзету жұмыстары секілді мәселелер қозғалады.

6. Педагогтарға арнайы консультация беру. Яғни, арнайы мамандар мектептегі педагогтарға өз кеңестерін береді. Оның маңызы баланың дамуын арнайы мамандар өте жақсы білетін болғандықтан, жас кезеңіне тән танымдық белсенділігін дамытуын, сондай-ақ жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып оқу процесінде баланы қалай оқытуға болатынын ұсынады.

Қазіргі кезеңде барлық оқушылар үшін білім беру ресурстарының ашықтығы және оқыту технологияларына тең қолжетімдікті қамтамасыз ету білім порталдары мен желілік

қауымдастықтар арқылы жүзеге асырылуда. Мысалы кең тараған KazEducationNet, Megamozg.kz, Edumart.kz, Edu.resurs.kz, Азбука.kz, Umnik.kz, Bilimland.kz, Edutech порталдары мен «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы тағы да басқа іргелі білім беру ұйымдарының желілік қауымдастықтарын атауға болады. Сайттар арқылы барлық мүмкіндіктер туралы хабардар болуға болады.

Білім беру үдерісіне, оқу-тәрбие тәжірибесіне жедел қарқынмен ене отырып, инклюзивті білім беру кезінде ата-ана баласын қалыпты балалармен бірге оқытуға тілегінің болуына, баланы оқытуда тұрақты түрде көмектесе алуына, интеграция моделін дұрыс таңдай алуына, баланың бірігіп оқуға психологиялық даярлығын ескеруге, баланың ұжымындағы баламен бірігуге дайындығының ескерілуіне, ұстаздар және өзге мамандармен үнемі бірлікте жұмыс жасай білуіне баса назар аудару керек. Әр ерекше баланы өз қоғамымызға қосу өз қолымызда. Бұл балалар үшін бәрі бірдей емес қоғамдық ортада бейімделу өте қиын. Сондықтан инклюзивті білім беру-біздің санамыз үшін жаңа нәрсе. Бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамның толық мүшелері сияқты сезінуге және бейімделу кезеңінен сәтті өтуге, бағалауға мүмкіндік жасайтын, ойын еркін атуға бейімдейтін әдістердің бірі, әрі интерактивті білім беру технологиялары.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім). – Астана, 2010.
2. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы.
3. Эллиот Аронсон Көпке ұмтылған жалғыз Әлеуметтік психология Астана, 2018
4. Каженбаева А.Е, Карабаева Н.Б. Инклюзивті білім беру. Атырау,2022ж.